



## ▶ СТУДЕНТТЕР ЖАСАҒЫ

## Университет білімді тәжірибемен ұштастыруда

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ түлектерлі жұмыспен қамту рейтингінде жоғары оқу орындары ішінен 207 орынға ие болған Орталық Азиядағы алғашқы университет. Рейтинг жұмыс берушілердің студенттермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру және бітіргеннен кейін еңбекпен қамтуы, жұмыс берушілер арасында беделі, түлектердің кәсіби жетістіктері, серіктестермен тұрақты әріптестік орнату бағытындағы таланттардың негізінде құрастырылды.



Университеттің химия және химиялық технология факультетінің студенттері де болашақ өндірістегі жұмыс орындарын елдің үздік компанияларында және одан тыс жерлерде табысты жұмыс атқаратынына сенімді. Академиялық күнтізбе бойынша, үшінші курс студенттері үшін өндірістік тәжірибе бес аптаны қамтиды. Болашақта дипломдық жұмыстарға, ғылыми жобаларға қатысу үшін білімгерлердің өндірістік тәжірибеге араласуы маңызды. Соңдықтан, елімізде-

гі бірнеше мұнай өңдеу компаниялары мен кәсіпорындары арасында екіжақты көпісімшарт жасалып, іріктеп алынған жиырма студентті Атырау мұнай өңдеу зауытына аларуымыз үшін университет тарапынан 2 миллион 638 мың 551 теңге бөлінді. Өр студентке 114 мың 513 теңгеге жуық қаражат жолына (екі жаққа), тәуліктік шығындар мен жатын орындарына есептелген.

Студенттер мұнай өңдеу зауытындағы қауырт қимылдардың қалай іске асырылатындығын көзбен көріп, қолдарымен жұмыс істеді. Болашақта іске қосылуға тиісті мұнай мен газы терең өңдеу цехының құрылысы қарқынды жүріп жатқан алаңдарды аралады. Зауыттың болашағы бар өкәніне сенген жастар тандаған мамандықтары бойынша

осы салада қызмет атқару қызықты екендігін түсінді. Ол үшін тек ағылшын тілін үйреніп, кәсіби саланы жетік меңгеру қажет. Және қажетті ақпараттар жинап, техникалық құжаттармен танысты.

Орталық зауыт зертханасымен сальстырғанда цехтарда жұмыс істеудің ерекшелігі бар. Кафедра шешімімен, өндірістік тағлымдамаға қатысқан студенттердің жұмыстарына өте жақсы баға берілді.

**Нұрбибі ЖӘКІРОВА,**  
х.ғ.к., доцент,

**Лариса САСЫКОВА,**

х.ғ.к., профессор,

физикалық химия,

катализ және мұнай химиясы

кафедрасының өндірістік

практика жетекшілері